

Астана қаласы  
әкімдігінің  
«№3 мектеп-гимназия»  
Шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие  
на праве хозяйственного  
ведения  
«Школа-гимназия №3»  
акимата города Астана

## БҮЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

2026 жылғы, 12 мамыр  
Астана қаласы

№201 и/к  
город Астана

### Заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 9-бабын және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 сәуірдегі №106-НҚ бұйрығын орындау, жалпы орта білім беретін білім ұйымдарының білім алушылары арасында қауіпсіздік пен қоғамдық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ білім беру ұйымдарында «Заң мен тәртіп» идеологиясын нығайту мақсатында

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. Астана қаласы әкімдігінің «№3 мектеп-гимназия» ШЖҚ, МКК барлық қызметкерлер, педагогтер мен сынып жетекшілер:

1) оқу жылының аяқталуына байланысты жалпы орта білім беру ұйымдарында кештер, банкеттер, автокортеждер, танды қарсы алу шаралары, алау жанында өткізілетін іс-шаралар, мейрамханаларда, кафелерде, банкет залдарында, асханаларда, демалыс базаларында және табиғат аясында өткізілетін салтанатты іс-шаралар нысандарында бітіру іс-шараларын өткізуге тыйым салынсын;

2) мектеп бітіру іс-шараларын өткізуге байланысты білім алушылардан, олардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен ақшалай қаражаттың, сондай-ақ өзге де материалдық құндылықтарды, оның ішінде сыйлықтар мен жарналарды жинауға, жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестаттауға, әртүрлі мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны жинауға тыйым салынсын;

3) педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;